

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ШАҒЫН ҚАЛАЛАРЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛЕУЕТІНІҢ РЕЗЕРВТЕРІ

РЕЗЕРВЫ СОЦИАЛЬНОГО ПОТЕНЦИАЛА МАЛЫХ ГОРОДОВ
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

RESERVES OF THE SOCIAL POTENTIAL OF SMALL CITIES
OF NORTH KAZAKHSTAN REGION

Д.Н. ШАЙКИН*

э.ғ.к., профессор

Ә.З. ТҰРАЛИН

э.ғ.к., доцент

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,

Петропавл, Қазақстан

shaikindimash@mail.ru

Д.Н. ШАЙКИН

к.э.н., профессор

А.З. ТУРАЛИН

к.э.н., доцент

Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева,

Петропавловск, Казахстан

D.N. SHAIKIN

C.E.Sc., Professor

A.Z. TURALIN

C.E.Sc., Associated Professor

North Kazakhstan State University named after M. Kozybayev, Petropavlovsk, Kazakhstan

Аңдатпа. Солтүстік Қазақстан облысының шағын қалаларының әлеуметтік әлеуетін бағалауда әдістемелік тәсіл ұсынылған. Бұл мәселені отандық және шетелдік ғалымдармен зерттеудің түрлі аспектілері талданған. Талдау негізінде «шағын қаланың әлеуеті» әлеуметтік-экономикалық категориясының мәні нақтыланған және толықтырылған. Практикалық зерттеулер мен әзірлемелерде пайдаланылатын шағын қоныстардың резервтерін анықтаудың кейбір статистикалық әдістері келтірілген. Солтүстік Қазақстан облысының аудан орталықтарының әлеуметтік мүмкіндіктерін сипаттайтын 2013-2018 жж. статистикалық деректерді қолдана отырып, олардың көрсеткіштерінің эконометриялық корреляциялық-регрессиялық моделі құрылған. Факторлық схеманы әзірлеу кезінде әлеуметтік әлеуетті анықтайтын мынадай бес фактор бөлінген: тұрғын үй-жайлардың жалпы ауданы; мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі балалар саны; білім алушылар саны; ақылы қызметтер көлемі; жұмыссыздар саны. Алынған көпфакторлы корреляциялық-регрессиялық модель оны қолданбалы экономикалық зерттеулерде пайдалану үшін қолайлы болып табылады, себебі коэффициенттердің алдындағы белгілер қазіргі қоғамдағы әлеуметтік процестердің нақты дамуына сәйкес келеді. Икемділік коэффициенттері әртүрлі белгілерге ие, бұл эндогенді және экзогенді факторлық белгілер арасындағы тікелей және кері байланыстардың болуын сипаттайды. Икемділік коэффициенттерін есептеу негізінде Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық агломерацияларының әлеуметтік ресурстарының өсу резервтері анықталған. Оларды имплементациялау қарастырылып отырған өсу нүктелерінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларда тұратын халықтың әлеуметтік мәртебесі мен өмір сүру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Аннотация. Представлен методический подход к оценке социального потенциала малых городов Северо-Казахстанской области. Проанализированы различные аспекты исследования этой проблемы отечественными и зарубежными учеными. На основе анализа уточнена и дополнена сущность социально-экономической категории «потенциал малого горо-

прогрестің басымдықтарына жеткіліксіз назар аударылуда екендігін атап өтті [3].

А.О. Мұхаммедов, Ж. Атаниязов пен А.Б. Тасмағанбетов республикадағы ауыл халқының жұмыспен қамтылуының қазіргі жай-күйі еңбек ету саласының қысқаруымен және экономиканың аграрлық секторында еңбек әлеуетінің едәуір бөлігі шоғырланатындығымен сипатталатындығын атап өтті [4].

А.Ж. Нүкешева, Ш.И. Қосымбаева мен С.Р. Әбдиева ауылдың әлеуметтік әлеуетінің аспектілерін дамыту туралы пайымдай отырып, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру кезінде қолданылатын шаралар әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салуға, қайта жаңартуға, күрделі және ағымдағы жөндеуге, ТКШ жаңғыртуға және т.б. бағытталуы тиіс екендігін атап өтеді [5].

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Т.Г. Гурнович пен Е.А. Остапенко сәйкесіздіктің болуына және ауылдық аумақтардың әркелкі дамуына назар аудара отырып, дамудың әлеуметтік және экономикалық деңгейлерінде бар айырмашылықтардың шекараларын анықтау қажеттігі және теңдестірудің мүмкін болатын қағидалары туралы айтады. Сонымен қатар, авторлардың пікірінше, талдау жүргізіп, жалпы аумақтың экономикасына баға беру керек, сондай-ақ оның мамандануын сипаттайтын экономикалық қызмет түрлеріне назар аудару керек [6].

М.Е. Анохина когнитивті технологияларды пайдалана отырып, Ресей ауыл шаруашылығының экономикалық өсуін басқару стратегиясын әзірлеу механизмін ашумен айналыса отырып, статикалық және динамикалық талдау әр түрлі басқарушылық ықпалдары кезінде аграрлық сектор динамикасының болжамдарын жасауға мүмкіндік берген экономикалық өсу факторларының картасын ұсынады [7].

Е.В. Стомба, М.Т. Лукьянова, В.А. Ковшов Ресей Федерациясының субъектілері деңгейінде ауылдық аудан әкімшіліктерінің тұрақты дамуының стратегиялық жоспарларын әзірлеу кезінде форсайт-технологияларды пайдалану қажеттігін өзектендіреді. Авторлардың пікірінше, форсайт-технологиялар ауылдың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамытудағы шешуші детерминанттардың бірі болып табылады [8].

Нәтижелер және оларды талқылау.

Әлеует терминінің сипаттамасына келтірілген пәнаралық тәсілдемелерді сомдай оты-

рып, біз «шағын қаланың әлеуеті» терминін нақтылауды ұсынамыз.

Негізінен, «әлеует» санаты философия, демография, әлеуметтану, медицина, экономика және т.б. сияқты білімнің түрлі салаларында пайдаланылады.

Біздің түсінігімізде ол сәйкес ресурстар мен жағдайларға сүйенетін әлеуеттер (табиғи-климаттық, демографиялық, әлеуметтік және т.б.) жиынтығымен қалыптасқан жүйені білдіреді. Бұл әлеуеттер тұрақты экзогендік және эндогендік әрекеттестікте болады, оның сипаты мен дәрежесі, бір жағынан, қоғамның жалпы даму деңгейімен, екінші жағынан, шағын қалада тұратын халықтың әлеуметтік-экономикалық жай-күйімен және тіршілік ету өрістерінің дамуымен айқындалады.

Н. Яковчик, Т. Иванова және Н. Жилинская Беларусьтегі ауылдың әлеуметтік әлеуетін дамытуды жетілдіруін қарастыра отырып, ауыл шаруашылығындағы кадрлық әлеуетті жаңғыртудың қазіргі әдіснамалық базасының жеткіліксіз тиімділігі мәселесін атап өтеді.

Осы мәселені шешу үшін «Аймақтың ауыл шаруашылығында кадрлық әлеуетті жаңғыртуды басқару жүйесін қалыптастыру және іске асыру» тұжырымдамалық үлгісін, тұжырымдамасын, механизмі мен мақсатты бағдарламасын әзірлеуді қамтитын осы процесті жүйелі басқару бойынша ұсынымдар тұжырымдалды [9].

О. Пашкевич, В. Левкина Беларусьтің ауылдық жерлеріндегі демографиялық процестерді зерттей отырып, қазіргі жағдайда күтілетін қолайсыз салдарды жеңілдететін және Беларусьтің ауылдық аумақтарындағы әлеуметтік әлеует пен демографиялық ахуалды жақсарту үшін алғышарттарды қалыптастыратын шараларды әзірлеу және іске асыру қажеттігі туындағанын мәлімдейді [10].

Бүгінде Қазақстан Республикасында 61 шағын қала бар. Олардың ішінде халық саны 50 мың адамнан аспайтын қалалар. 41 шағын қала тиісті ауылдық аудандардың әкімшілік орталығы болып табылады, бұл шағын қалалар санының 67,2%-н және ауылдық аудандар санының 27%-н құрайды.

Шағын қалалардың бір бөлігі облыстық маңызы бар қалалар болып табылады, кейбір бөлігі аудандардың бірігуі нәтижесінде аудан орталықтары мәртебесінен айырылды.

Солтүстік Қазақстан облысында 4 шағын қала бар – Булаево, Мамлютка, Серге-

евка және Тайынша. Солтүстік Қазақстан облысының шағын қалалары транзиттік жағдайға ие, темір жол магистральдарында орналасқан (Сергеевка қаласын қоспағанда), елдің бәсекелік стратегиясының тірек нүктелері және халықаралық экономикалық ынтымақтастықтың қажетті буыны болып табылады. Өңірдің барлық қалалары негізінен мыналарға маманданған:

- өнеркәсіп өндірісі және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу;
- көлік-логистикалық қызмет көрсету (темір жол және автомобиль тасымалдары);
- әлеуметтік өрісте қызмет көрсету.

Шағын қалалардың әлеуметтік әлеуетін бағалауды жүргізу кезінде оның дамуына барынша әсер ететін макро-индикаторлар жиынтығы бөлінді. Әлеуметтік әлеуетті бағалаудың интегралдық индикаторы ретінде тиісті шағын қала халқының саны қабылданды.

Факторлық үлгіні әзірлеу кезінде әлеуметтік әлеуетті анықтайтын келесі бес фактор бөлінді:

- тұрғын үй-жайлардың жалпы ауданы;
- мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі балалар саны;

- білім алушылар саны;
- ақылы қызметтер көлемі;
- жұмыссыздар саны.

Нәтижелік және факторлық белгілер арасындағы өзара байланыстың статистикалық үлгісін құру кезінде 2013-2018 жж. кезеңіндегі осы көрсеткіштердің динамикалық қатарлары аналитикалық теңестіру және сырғымалы орташа әдісімен теңестіру негізінде статистикалық өңдеуден өтті.

Әлеуметтік әлеуетті бағалаудағы факторлық тәсілдеме көптеген факторлардың өзара әрекеттестігін ескеруге мүмкіндік береді, статистикалық деректерді пайдалануға негізделеді және динамикалық қатарды өңдеудің статистикалық әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

Математикалық есеп келесідей тұжырымдалады. Тәуелсіз белгілердің нәтижелі белгілермен байланысын анықталған теориялық талдаумен ең жақсы түрде көрсететін аналитикалық өрнек табу қажет. Бұл өрнек классикалық қалыпты корреляциялы-регрессиялық үлгі болып табылады, ол келесі түрде ұсынылуы мүмкін:

$$\hat{y} = a_0 + a_1 \cdot x_1 + a_2 \cdot x_2 + a_3 \cdot x_3 + a_4 \cdot x_4 + \dots + a_n \cdot x_n \quad (1)$$

$a_0, a_1, a_2, a_3, a_4, \dots, a_n$ параметрлерін табу үшін келесі сызықтық теңдеулер жүйесі қолданылады:

$$\begin{cases} a_0 \cdot n + a_1 \cdot \sum x_1 + a_2 \cdot \sum x_2 + a_3 \cdot \sum x_3 + a_4 \cdot \sum x_4 + \dots + a_n \cdot \sum x_n = \sum y \\ a_0 \cdot \sum x_1 + a_1 \cdot \sum x_1^2 + a_2 \cdot \sum x_1 \cdot x_2 + a_3 \cdot \sum x_1 \cdot x_3 + a_4 \cdot \sum x_1 \cdot x_4 + \dots + a_n \cdot \sum x_1 \cdot x_n = \sum y \cdot x_1 \\ a_0 \cdot \sum x_2 + a_1 \cdot \sum x_1 \cdot x_2 + a_2 \cdot \sum x_2^2 + a_3 \cdot \sum x_2 \cdot x_3 + a_4 \cdot \sum x_2 \cdot x_4 + \dots + a_n \cdot \sum x_2 \cdot x_n = \sum y \cdot x_2 \\ \dots \\ a_0 \cdot \sum x_n + a_1 \cdot \sum x_1 \cdot x_n + a_2 \cdot \sum x_2 \cdot x_n + a_3 \cdot \sum x_3 \cdot x_n + a_4 \cdot \sum x_4 \cdot x_n + \dots + a_n \cdot \sum x_n^2 = \sum y \cdot x_n \end{cases} \quad (2)$$

Солтүстік Қазақстан облысы шағын қалаларының әлеуметтік әлеуетінің өсу резервтерін бағалау x_i факторлық белгісі (белгілері) 1%-ға өзгерген кезде $\hat{y}$ нәтижелік белгінің орташа өзгеруін көрсететін икемділік коэффициенттерін есептеу және талдау негізінде орындалуы мүмкін.

Жалпы түрде икемділік коэффициенті (Ξ_i) былайша анықталады:

$$\Xi_i = a_i \cdot \frac{\bar{x}_i}{\bar{y}} \quad (3)$$

мұндағы; a_i – i -ші фактордағы регрессия коэффициенті;

$\bar{x}_i$ – i -ші фактордың орташа мәні;

$\bar{y}$ – зерттелетін көрсеткіштің орташа мәні.

1 кестеде Солтүстік Қазақстан облысы шағын қалаларының әлеуметтік әлеуетін бағалау үшін қажетті көрсеткіштер бойынша статистикалық деректер келтірілген.

(1) теңдеуде a_0, a_1, a_2, a_3, a_4 және a_5 параметрлерін есептеу үшін қажетті іс-әрекеттерді жүргіземіз.

1 кесте – 2013-2018 жж. Солтүстік Қазақстан облысы шағын қалаларының әлеуметтік әлеуетін сипаттайтын үлгіні (1) есептеу үшін қажетті деректер

Жыл	Жыл-дар	Тұрғын үй-жайлардың жалпы ауданы, мың м2	Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі балалар саны, адам	Білім алушылар саны, адам	Ақылы қызметтер көлемі, мың теңге	Жұмыссыздар саны, адам	Халықтың орташа жылдық саны, мың адам
		x1	x2	x3	x4	x5	y
1	2013	160	138	1 497,0	48,4	460	8,0
2	2014	159	142	1 442,8	43,2	462	8,0
3	2015	163	141	1 436,2	44,9	453	7,9
...	...	...	...	...	...	...	...
6	2018	152	524	1 414,0	71,8	437	7,4
Барлығы:		944	1 986	8 641,6	345,2	2 674	48,3
2013-2018 жж. Солтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы деректер базасы. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Статистика департаменті.							

1 кестенің деректерін қолданумен (2) сызықтық теңдеулер жүйесін математикалық өңдеуді жүзеге асырғаннан кейін a_0 , a_1 , a_2 , a_3 , a_4 және a_5 параметрлерінің келесі мәндеріне ие боламыз:

$$\begin{cases} a_0 = -39,47 \\ a_1 = 0,2006 \\ a_2 = 0,0008 \\ a_3 = 0,0201 \\ a_4 = 0,0198 \\ a_5 = -0,0302 \end{cases} \quad (5)$$

Көпше регрессия моделі (1) оған a_0 , a_1 , a_2 , a_3 , a_4 және a_5 мәндерін қойғаннан кейін келесі түрді қабылдайды:

$$\hat{y} = -39,47 + 0,2006 \cdot x_1 + 0,0008 \cdot x_2 + 0,0201 \cdot x_3 + 0,0198 \cdot x_4 - 0,0302 \cdot x_5 \quad (6)$$

x_i факторлық белгінің (белгілердің) 1%-ға өзгеруі кезінде (3 формула) $\hat{y}$ нәтижелік белгінің орташа өзгеруін көрсететін икемділік коэффициенттерін есептеу негізінде үлгінің экономикалық интерпретациясын орындаймыз.

Сөйтіп

$$\Theta_1 = 3,9206; \Theta_2 = 0,0329; \Theta_3 = 3,5962; \Theta_4 = 0,1415; \Theta_5 = -1,6719.$$

Тұжырымдар.

Тұтастай алғанда, алынған көп факторлы корреляциялы-регрессиялық үлгі оны пайдалану үшін қолайлы болып табылады (коэффициенттердің алдындағы белгілер әлеуметтік-экономикалық процестердің нақты дамуына сәйкес келеді).

Икемділік коэффициенттерін талдау негізінде біз былай деп есептейміз:

1. Тұрғын үй-жайлар жалпы алаңының бір пайыздық өсуі кезінде Солтүстік Қазақстан облысы шағын қалаларының әлеуметтік әлеуеті 3,9206%-ға ұлғаятын болады.

2. Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі балалар санының бір пайыздық өсуі кезінде әлеуметтік әлеует 0,0329%-ға ұлғаятын болады.

3. Білім алушылар санының бір пайыздық өсуі кезінде әлеуметтік әлеует 3,5962%-ға ұлғаятын болады.

4. Ақылы қызметтер көлемінің бір пайыздық өсуі кезінде әлеуметтік әлеует 0,1415%-ға ұлғаятын болады.

5. Жұмыссыздар жалпы санының бір пайыздық төмендеуі кезінде әлеуметтік әлеует 1,6719%-ға ұлғаятын болады.

Авторлар Солтүстік Қазақстан облысы шағын қалаларының әлеуметтік-экономикалық даму серпініне мониторинг жүргізу, анықталған резервтерге сәйкес шағын қаланың әлеуметтік әлеуетінің өсуіне бағытталған іс-шараларды әзірлеу және енгізу қажет деп санайды. Бұл Солтүстік Қазақстан облысының шағын қалаларында тұратын адамдардың өмір сүру сапасы мен деңгейінің өсуіне едәуір ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1 Ахметов, К.А. Системная оценка ресурсного потенциала сельского хозяйства на основе корреляционно-регрессионного анализа и моделирования производственными функциями / К.А. Ахметов, Г.Р. Мадиев., А.Б. Бекбосынова // Проблемы агрорынка. – 2019. – №3. – С. 58-67.

2 Базарбаев, А.О. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту мәселелері және оларды шешу жолдары / А.О. Базарбаев, Б.К. Купешова // Проблемы агрорынка. – 2019. – №3. – С. 42-48.

3 Калдияров, Д.А. Socio-economic aspects of rural development / Д.А. Калдияров, А.Д. Калдияров, О.В. Лемещенко // Проблемы агрорынка. – 2019. – №2. – С. 167-171.

4 Мухаммедов, А.О. Employment issues of the rural population of Kazakhstan and their solutions / А.О. Мухаммедов, Ж. Атаниязов, А.Б. Тасмаганбетов // Проблемы агрорынка. – 2019. – №1. – С. 150-156.

5 Нукешева, А.Ж. Social infrastructure of rural areas: status and problems / А.Ж. Нукешева, Ш.И. Косымбаева, С.Р. Абдиева // Проблемы агрорынка. – 2019. – №1. – С. 179-185.

6 Гурнович, Т.В. Особенности социально-экономического развития территорий южного макрорегиона в условиях пространственной конкуренции / Т.В. Гурнович, Е.А. Остапенко // Аграрный вестник Урала. – 2019. – №12(191). – С. 73-83.

7 Анохина, М. Е. Экономическая динамика сельского хозяйства: факторы, управление, стратегия / М.Е. Анохина // Аграрный вестник Урала. – 2019. – №11(190). – С. 71-79.

8 Стомба, Е. В. Форсайт как инструмент стратегического планирования и прогнозирования устойчивого развития сельских территорий / Е.В. Стомба, М.Т. Лукьянова, В.А. Ковшов // Аграрный вестник Урала. – 2019. – №11(190). – С. 92-100.

9 Яковчик, Н. Совершенствование системы управления воспроизводством кадрового потенциала в сельском хозяйстве / Н. Яковчик, Т. Иванова, Н. Жилинская // Аграрная экономика. – 2019. – №6(289). – С. 41-47.

10 Пашкевич, О. Демографические процессы в сельской местности Беларуси: новые тенденции, проблемы, последствия, оптимизация / О. Пашкевич, В. Левкина // Аграрная экономика. – 2018. – №8(279). – С. 19-30.

References

1 Ahmetov, K.A. System assessment of the resource potential of agriculture based on

correlation and regression analysis and modeling by production functions / K.A. Ahmetov, G.R. Madiev, A.B. Bekbosynova // Problems of AgriMarket. – 2019. – №3. – P. 58-67.

2 Bazarbaev, A.O. Problems of the Republic of Kazakhstan agro-industrial complex development and ways to solve them / A.O. Bazarbaev, B.K. Kupeshova // Problems of AgriMarket. – 2019. – №3. – P. 42-48.

3 Kaldiyarov, D.A. Socio-economic aspects of rural development / D.A. Kaldiyarov, A.D. Kaldiyarov, O.V. Lemetschenko // Problems of AgriMarket. – 2019. – №2. – P. 167-171.

4 Muhammedov, A.O. Employment issues of the rural population of Kazakhstan and their solutions / A.O. Muhammedov, Zh. Ataniyazov, A.B. Tasmaganbetov // Problems of AgriMarket. – 2019. – №1. – P. 150-156.

5 Nukesheva, A.Zh. Social infrastructure of rural areas: status and problems / A.Zh. Nukesheva, Sh.I. Kosymbaeva, S.R. Abdieva // Problems of AgriMarket. – 2019. – №1. – P. 179-185.

6 Gurnovich, T.V. Features of socio-economic development of the territories of the southern macroregion under conditions of spatial competition / T.V. Gurnovich, E.A. Ostapenko // Agrarian Bulletin of the Urals. – 2019. – №12(191). – P. 73-83.

7 Anohina, M.E. Economic dynamics of agriculture: factors, management, strategy / M.E. Anohina // Agrarian Bulletin of the Urals. – 2019. – №11(190). – P. 71-79.

8 Stovba, E.B. Foresight as a tool for strategic planning and forecasting of sustainable rural development / E.B. Stovba, M.T. Lukyanova, V.A. Kovshov // Agrarian Bulletin of the Urals. – 2019. – №11(190). – P. 92-100.

9 Yakovchik, N. Improving the management system of the human resources reproduction in agriculture / N. Yakovchik, T. Ivanova, N. Zhilinskaya // Agrarian economics. – 2019. – №6(289). – P. 41-47.

10 Pashkevich O., Levkina V. Demographic processes in rural areas in Belarus: new trends, problems, consequences, optimization // Agrarian economics. – 2018. – №8(279). – P. 19-30.